





## «Platonus»АЖ-да оқу пәндеріне тіркеу бойынша НҰСҚАУЛЫҚ

1. «Platonus»АЖ-дағы жеке кабинетіне кіріп, «Оқу процесі» бөлімінде «Жеке оқу жоспары» қосымшасын таңдаңыз (сурет 1).



Сурет 1


2. Жеке оқу жоспарын қарау бетінде білім алушы бұрын оқуға таңдаған барлық пәндердің тізімі және жалпы ақпарат пайда болады.



Сурет 2


3. ЖОЖ қалыптастыруды бастамас бұрын элективті пәндер каталогымен мұқият танысыңыз. ЭПК-да оқу пәндерінің қысқаша сипаттамасы, олар бойынша пререквизиттер мен постреквизиттер беріледі.

#### 4. «Модульдер каталогы» сілтемесіне өтіңіз.




Сурет3

#### 5. Келесі бетте (білім алушы оқып жатқан немесе оқыған пәндер тізімімен) «Қосу» батырмасын басыңыз. Білім алушы оқыған немесе оқитын осы беттегі ЖОЖ пәндерін алып тастауға болмайды(!)



Сурет4

#### 6. Келесі бетте келесі оқу жылын таңдаңыз (2024-2025) және «Қосымша» сүзгісінде (фильтр) әдепкі бойынша «Оқу жоспарындағы пәндерді» қалдырыңыз. Бірнеше секундтан кейін бетте тіркелу үшін пәндер пайда болады.



Сурет5

## 7. Пайда болған пәндер тізімінде білім алушы:

- 1) Модульге «белгі» қоюға; әрбір білім алушы оқу жоспары бойынша зерделеуге міндетті ЖОО компонентіне немесе жалпы білім беретін пәндерге-барлық «белгілер» автоматы түрде қойылады; таңдау компонентіне – білім алушы пәнді «нүкте» белгісімен белгілей отырып, дербестандауға;
- 2) "Топтан" пәндітаңдауға (олар "нүкте" белгісінде); топта бірнеше ұсынылған ішінен тек бір компонентті таңдауға болады;
- 3) Тізімнен оқытушыны таңдауға; оқу жұмысының түрлері (практика, ҒЗЖ) бойынша жазба оқыту шының нұсқауынсыз жүргізіледі.

Курс ID	Курс атауы	Тіл	Оқытушы	Түрі	Цикл	Кредиттер	Ақ. мерзім	Бақылау формасы
SSRYu3315	Қазіргі орыс тілінің синтаксисі	орусш	Дәріс: орыс.- Ибраимова Женистүль Жағасбаевна (2024-2025) Практика, Семинарлар: орыс.- Ибраимова Женистүль Жағасбаевна (2024-2025) Студент пен оқытушының өздік жұмысы: орыс.- Ибраимова Женистүль Жағасбаевна (2024-2025)	БП	6	3	1	Елтіхан
MPUNYu2217	Ана емес тілді менторы әдістемесі мен практикасы	орусш	Дәріс: орыс.- Балмағамбетова Жаннат Төлеуовна (2024-2025) Практика, Семинарлар: орыс.- Балмағамбетова Жаннат Төлеуовна (2024-2025) Студент пен оқытушының өздік жұмысы: орыс.- Балмағамбетова Жаннат Төлеуовна (2024-2025)	БП	4	3	1	Елтіхан
MPRYuL3219	Орыс тілі мен әдебиетін оқу әдістемесі	орусш	Дәріс: орыс.- Хайрова Гуля Мамбаларовна (2024-2025) Практика, Семинарлар: орыс.- Хайрова Гуля Мамбаларовна (2024-2025) Студент пен оқытушының өздік жұмысы: орыс.- Хайрова Гуля Мамбаларовна (2024-2025)	БП	5	3	1	Елтіхан
ITOURPK3221	Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары	орусш	Дәріс: орыс.- Хайрова Гуля Мамбаларовна (2024-2025) Практика, Семинарлар: Оқушы жоқ 2024-2025 Студент пен оқытушының өздік жұмысы: Оқушы жоқ 2024-2025	БП	4	3	1	Елтіхан
TMOYu3221	Тілдерді модульдік оқыту технологиясы	орусш	Дәріс: орыс.- Григорьева Ирина Владимировна (2024-2025) Практика, Семинарлар: орыс.- Григорьева Ирина Владимировна (2024-2025) Студент пен оқытушының өздік жұмысы: орыс.- Григорьева Ирина Владимировна (2024-2025)	БП	4	3	1	Елтіхан
TZuA3222	Тәрбие жұмысының әдістемесі	орусш	Дәріс: Оқушы жоқ 2024-2025 Практика, Семинарлар: Оқушы жоқ 2024-2025 Студент пен оқытушының өздік жұмысы: Оқушы жоқ 2024-2025	БП	5	3	2	Елтіхан
OSS3222	Салыстырмалы стилистикалық негіздері	орусш	Дәріс: орыс.- Ақбаева Бақыт Құсманова (2024-2025) Практика, Семинарлар: орыс.- Ақбаева Бақыт Құсманова (2024-2025)	БП	5	3	2	Елтіхан

Сурет6

8. Беттің төменгі жағындағы «Өтініш беру» түймесін басыңыз. Операция сәтті болған жағдайда «Өтінішдер сәтті жіберілді» хабары пайда болады. Сіздің ЖОЖ келесі оқу жылына құрылды. Ескертулер пайда болған жағдайда - оларды оқып, жойыңыз, «Өтініш беру» батырмасын қайта басыңыз.

9. ЖОЖ негізгі бетіне оралыңыз, алдағы оқу жылына игеруге жоспарланған кредиттер санын тексеріңіз.

## Маңызды ақпарат!

### Оқу пәндеріне өтініш беру кезінде мынаны ескеру қажет:

1. Білім алушы академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде бітіруші кафедра өткізетін консультациялық кездесулерді ескере отырып, эдвайзердің көмегімен өз қалауы бойынша өзінің ЖОЖ дербес қалыптастырады.

2. ЖОЖ оқу жоспары мен шығарушы кафедра әзірлеген элективті пәндер каталогы негізінде құрастырылады.

3. Оқу пәндеріне тіркеу / жазылу тек келесі оқу жылының пәндеріне ғана жүргізіледі.

4. Оқу жылы ішінде білім алушы оқу пәндеріне және оқу қызметінің басқа түрлеріне (кәсіптік практика, ҒЗЖ, қорытынды аттестаттау) жазылу есебінен кемінде 60 кредит жинап, игеруі тиіс.

5. Оқу жылына 60 кредиттен кем көлемде оқу қызметінің пәндері мен түрлеріне жазылу – оқу нәтижелерінің толық игерілмеуіне байланысты білім алушыны келесі оқу курсына ауыстыруға мүмкіндік бермейді.

6. Барлық оқу пәндері бөлінеді:

- міндетті компонент – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖМБС бойынша барлық білім алушылар оқуға талап етілетін пәндер;
- ЖОО компоненті - университет барлық білім алушылардың зерделеуіне белгілеген пәндер;
- Таңдау компоненті - университет ұсынатын және білім алушылар өз бетінше таңдайтын пәндер.

7. Білім беру бағдарламасында Major және Minor бағдарламасы бар:

- (Major) (мажор) негізгі білім беру бағдарламасы–бағдарлама бойынша негізгі құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған;
- (Minor) (минор) қосымша білім беру бағдарламасы–қосымша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

8. Пәнді таңдау үшін білім алушыда қажетті пререквизиттер оқылған болуы тиіс. Таңдалған пән, өз кезегінде, кейіннен онымен байланысты постреквизиттерді оқуға мүмкіндік береді.

9. Белгіленген мерзімде белгісіз себеппен тіркеуден өтпеген білім алушының ЖОЖ-ын білім алушының қатысуынсыз эдвайзер және тіркеуші кеңсесінің маманы қалыптастырады.

10. Оқу пәндері бойынша тиімсіз топтар құрылған жағдайда білім алушыларды қосымша белгіленген мерзімде баламалы пәндерге қайта тіркеу жүргізіледі.

11. Пәндерге тіркелу үшін белгіленген мерзімдер дентыс ЖОЖ білім алушыларға оқу режимінде қол жетімді.

## **Негізгі ұғымдар**

1) Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

2) эдвайзер (Advisor) – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

3) элективті пәндер – жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;

4) оқу пәніне жазу (Enrollment) – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

5) жеке оқу жоспары - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқужоспары;

6) негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

7) қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;

8) постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

9) пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.